# KASE

# АПТАЛЫҒЫ

**30 қаңтар – 03 ақпан 2023**



## KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE индексін есептеу үшін өкілеттік тізімге "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ KZ1C00001122 (KMGZ) жай акциялары енгізілді.
- KASE 2023 жылғы ақпан айына өтімділіктің бірінші, екінші және үшінші кластарының бағалы қағаздар тізімдерін қалыптастырды.
- "Concord" тәуелсіз аудиторлық компаниясы" ЖШС KASE мойындайтын аудиторлық ұйымдар тізбесінің екінші деңгейінен бірінші деңгейіне ауыстырылды.
- "Finaccord Limited" жеке компаниясының KZ2D00009354 (FNACpp2) облигациялары KASE ресми тізіміне "Жеке орналастыру" алаңына енгізілді.
- KASE ресми тізімінен айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты "R-Finance" микроқаржы ұйымы" ЖШС KZ2P00008295 (MFRFb2) облигациялары шығарылды.
- KASE-де Азия даму банкінің XS2571803019 (ASDBe13) "жасыл" халықаралық облигацияларымен, "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00008936 (KFUSb47) және KZ2C00008944 (KFUSb48) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- KASE-де Johnson & Johnson US4781601046 (JNJ_KZ), Intel Corporation US4581401001 (INTC_KZ), QUALCOMM Inc. US7475251036 (QCOM_KZ), Microsoft Corporation US5949181045 (MSFT_KZ), Exxon Mobil Corporation US30231G1022 (XOM_KZ), IBM corp. US4592001014 (IBM_KZ) жай акцияларымен және "Батыс транзит" АҚ KZ000A0T88N8 (BTTRb1) облигацияларымен сауда-саттық тоқтатылды.
- KASE-де Pfizer Inc. US7170811035 (PFE_KZ) жай акцияларымен сауда-саттық қайта басталды.
- "Фридом Финанс" АҚ "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00008936 (KFUSb47) және KZ2C00008944 (KFUSb48) облигациялары бойынша KASE маркет-мейкер мәртебесі берілді.

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де 906,0 млн МЕККАМ-12 153-ші шығарылымын (KZK100000282, MKM012_0153), 88,0 млн МЕУКАМ-96 12-ші шығарылымын (KZKD00001160, MUM096_0012) және 10,0 млн МЕУКАМ-180 16-шы шығарылымын (KZKD00001194, MUM180_0016 ) орналастырды.
- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00008936 (KFUSb47) облигацияларын өтеуге кірістілігі жылдық 18,34 %-бен орналастыра отырып, KASE-де 6,5 млрд теңге тартты.
- "Sinoasia B&R (Синоазия БиЭндАр)" СК" АҚ KZ1P00014559 (SABRp) артықшылықты акциялары бойынша 2022 жылдың төртінші тоқсанында дивидендтер төледі.
- Nostrum OIL & Gas PLC қажетті лицензияларды алу туралы ақпарат берді.
- "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ Moody's Investors Service агенттігінің қоғамның рейтингтерін растағаны туралы хабарлады, болжам "Позитивті".
- "First Heartland Jusan Invest" АҚ "allGA" ИИПҚ KZPF00000132 (FHJIag) пайларын ұстаушыларға 2022 жылдың қазан-желтоқсан айларына дивидендтер төленгені туралы хабарлады.

| 03.02.2023 | | Трендтер (%) | |
|---|---|---|---|
| KASE Индексі | 3 353,40 | 1,9 | 3,2 |
| **Өтімділіктің бірінші сыныбы** | **Бағасы** | **Δ 7к** | **Δ 1а** |
| Tesla, Inc. | 193,00 | 19,1 | 34,3 |
| Advanced Micro Devices, Inc. | 86,18 | 17,9 | 27,1 |
| Intel Corporation | 30,00 | 10,2 | 13,9 |
| АО "Банк ЦентрКредит" | 406,00 | 5,7 | 11,0 |
| Ford Motor Company | 14,66 | 5,3 | 5,5 |
| АО "Кселл" | 1 805,00 | 3,7 | 4,6 |
| АО "Народный банк Казахстана" | 127,36 | 3,6 | 0,7 |
| АО Kaspi.kz | 34 300,00 | 2,8 | 3,3 |
| АО "НАК "Казатомпром"" | 14 469,00 | 2,4 | 12,4 |
| АО "Баян Сулу" | 433,97 | 2,1 | 45,1 |
| Apple Inc. | 145,29 | 1,9 | 11,9 |
| Bank of America Corporation | 35,88 | 1,3 | 9,3 |
| АО "КазТрансОйл" | 720,00 | 0,7 | -1,9 |
| АО "KEGOC" | 1 620,97 | 0,4 | 0,1 |
| АО "Казахтелеком" | 29 440,00 | 0,4 | 3,8 |
| АО "ForteBank" | 4,34 | 0,2 | 6,4 |
| AltynGold plc | 880,00 | 0,0 | 29,1 |
| АО "БАСТ" | 10 000,00 | - | -6,5 |
| American Airlines | 17,85 | -0,2 | 11,6 |
| АО "Банк ЦентрКредит" | 628,02 | -0,5 | -1,9 |
| Freedom Holding Corp. | 63,17 | -2,4 | 13,4 |
| АО "НК "КазМунайГаз" | 9 414,99 | -2,8 | -0,2 |
| NOSTRUM OIL & GAS PLC | 22,20 | -3,9 | -2,7 |

*Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген*

**KASE Индексінің акциялары**




**Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі**




3 ақпаннан бастап KASE индексін есептеу үшін акциялардың өкілеттік тізіміне "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ жай акциялары енгізілді.

"KASE Global" секторындағы акциялармен сауда-саттық көлемі қаңтар айында 1 991,7 млн теңгені (4 4 304,8 мың) құрады. Аталған кезеңде "KASE Global" секторында шетелдік компаниялардың 93 020 акцияларымен 4 519 мәміле жасалды. Көрсетілген кезеңдегі сауда-саттықтың ең көп көлемі келесі бағалы қағаздарға түсті:

- Apple Inc. – жалпы сомасы 449,4 млн теңгеге 541 мәміле;
- Intel Corporation – жалпы сомасы 191,9 млн теңгеге 534 мәміле;
- Advanced Micro Devices, Inc. – жалпы сомасы 177,3 млн теңгеге 272 мәміле.

Инвесторлардың негізгі санаттарының ішінде брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне 17,8 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне – акциялармен жасалатын мәмілелердің жиынтық көлемінің 29,9 %, жеке тұлғалардың үлесі ең көп – 52,3 % болды.

8 ақпаннан бастап Өзбекстан Республикасының корпоративтік облигацияларының дебюттік шығарылымдары KASE ресми тізіміне енгізіледі:

1) "Өзбекстан Республикасының Сыртқы экономикалық қызметінің Ұлттық Банкі" АҚ;

2) "UzAuto Motors" АҚ.

3 ақпандағы сауда-саттық қорытындысы бойынша теңгенің нарықтық бағамы бір апта ішінде 0,4 %-ға (460,43-тен) нығайып, бір АҚШ доллары үшін 458,69 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2023 жылдың 27 қаңтары мен 3 ақпаны аралығында бірқатар маңызды оқиғалар болды. Атап айтқанда, жетекші орталық банктер пайыздық мөлшерлемелерді көтеруді жалғастырды: АҚШ ФРЖ мөлшерлемені 25 б.т.-қа, 4,5 – 4,75 %-ға, ЕОБ - 50 б.т.-қа, 2,5-3,25 %-ға, Англия Банкі – 50 б.т.-қа, 4 %-ға дейін ұлғайтты. Қаңтар айында АҚШ-тың еңбек нарығы бойынша деректер сарапшылардың күткенінен жоғары болды: экономикадағы жұмыс орындарының саны 517 мыңға өсті, жұмыссыздық 3,4 %-ға дейін төмендеді. Бұл факторлар дамушы нарықтар валюталарының негізінен теріс динамикасына әкелді.

Мемлекеттік бағалы қағаздармен (МБҚ) бір күндік (TONIA) РЕПО операцияларының кірістілігі 27 қаңтар мен 3 ақпан аралығында жылдық 15,76 %-дан 15,87 %-ға дейін өсті. Қаралып отырған кезеңде бір күн мерзімге (SWAP-1D (USD)) АҚШ доллары кепілімен теңгені қарыз алу мөлшерлемесі 15,99 %-дан 15,88 %-ға дейін төмендеді.

**Инфляция және пайыздық мөлшерлеме**




**ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері**




**Тәуекелсіз қисық кірістілігі**



Қаңтар айының қорытындысы бойынша, теңге бағамы 1 АҚШ доллары үшін 460,52 теңгеге дейін 0,5%-ға нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың бір күндегі орташа көлемі бір айда 141-ден 103 млн АҚШ долларына дейін төмендеді. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 2,1 млрд АҚШ долларын құрады. Бір ай ішінде валюта нарығы сұраныс пен ұсыныс тұрғысынан теңгерімді болды, айырбастау бағамы нарықтық жағдайларға байланысты қалыптасты.
Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімді сатуы өткен айда шамамен 453 млн АҚШ долларын құрады. Квазимемлекеттік сектор компаниялары екінші деңгейлі банктер арқылы валюта нарығында сатуды өз алдына дербес жүргізді.
Ұлттық қордан республикалық бюджетке трансферттерді қамтамасыз ету үшін валюта сату қаңтарда 228 млн АҚШ долларын құрады. Ұлттық қордан сату үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінен 11,1% болды және бір күнде 12 млн АҚШ долларынан аспады. Ұлттық қордың қаражатымен операциялар жүргізу кезінде Ұлттық Банк нарықтық бейтараптық қағидатын сақтайды, бұл – шетел валютасын тұрақты әрі біркелкі сату дегенді білдіреді. Мұндай тәжірибе валюта нарығына Ұлттық Қор операцияларының әсерін барынша азайтуға мүмкіндік береді.
БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 30% деңгейінде ұстап тұру мақсатында Ұлттық Банк қаңтарда биржалық сауда-саттықта шетел валютасын сатып алуды жүзеге асырды, оның жалпы сомасы 120 млн АҚШ долларын немесе нарықтың жалпы көлемінен шамамен 5,8%-ды құрады.
Қаңтарда Ұлттық Банк валюталық интервенциялар жүргізген жоқ.

**Шетел валюталарының бағамы динамикасы**

**Δ %, база (01.01.23)**




| | Бағасы | Δ 7к, % | Δ 30к, % | Δ 2023, % |
|---|---|---|---|---|
| GBPKZT | 561,53 | -1,41 | 1,98 | 2,15 |
| USDKZT | 458,69 | -0,38 | -0,59 | -0,23 |
| EURKZT | 501,30 | 0,05 | 2,62 | 2,96 |
| CNYKZT | 68,04 | 0,22 | 2,52 | 3,32 |
| RUBKZT | 6,52 | -1,95 | 2,18 | 2,18 |

*Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.*

**Brent мұнай құны**

**USD/баррель**



## Халықаралық индекстер

| Атауы | Мәні | Тренд % 7к | Тренд % 1а | Тренд % 1ж | Фьючерс 7к |
|---|---|---|---|---|---|
| S&P 500 | 4 136,48 | 1,6 | 7,4 | -7,6 | 1,6 |
| Dow Jones | 33 926,01 | -0,2 | 2,0 | -3,4 | -0,2 |
| РТС | 1 002,52 | 1,0 | 5,5 | -30,0 | 0,6 |
| ММВБ | 2 285,53 | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 0,6 |
| Hang Seng | 21 660,47 | -4,5 | 4,2 | -9,0 | -4,5 |
| SS CSI 300 | 4 141,63 | -1,0 | 6,4 | -9,2 | -1,2 |
| Euro Stoxx 50 | 4 257,98 | 1,9 | 7,1 | 2,8 | 1,8 |
| FTSEuroFirst | 4 866,00 | 0,8 | 4,7 | 2,2 | 0,9 |
| FTSE 100 | 7 901,80 | 1,8 | 4,2 | 5,0 | 1,7 |
| KASE | 3 353,40 | 1,9 | 3,2 | -4,6 | |

## Шикізат нарығы 03.02.2023

| Атауы | Бағасы | Тренд % 7к | Тренд % 1а | Тренд % 1ж |
|---|---|---|---|---|
| Мұнай (Brent) | 79,94 | -7,8 | 2,7 | -12,3 |
| Мұнай (WTI) | 73,39 | -7,9 | 0,8 | -18,7 |
| Табиғи газ | 2,41 | -22,5 | -42,2 | -50,7 |
| Мыс | 405,65 | -3,9 | 8,4 | -9,3 |
| Темір | 887,00 | 1,8 | 3,0 | 10,7 |
| Алтын | 1 864,97 | -3,3 | 0,6 | 3,3 |
| Күміс | 22,41 | -5,2 | -6,5 | 0,1 |
| Астық | 756,75 | 0,9 | 1,5 | 0,7 |

## Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

| | Экономикалық уақиғалар күнтізбесі | Валюта | Болжам | Алдыңғы |
|---|---|---|---|---|
| 06.02 | ЕОБ төрағасы Лагард сөз сөйлейді | EUR | | |
| 07.02 | ФРЖ басшысы Пауэлл мырзаның сөзі | USD | | |
| 08.02 | Шикі мұнай қоры | USD | 2,457M | 4,140M |
| 09.02 | Германияның тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (қаңтар) | EUR | 8,9% | 8,6% |
| 09.02 | ЕО көшбасшыларының Саммиті 9-10 ақпан | EUR | | |
| 09.02 | Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдердің саны | USD | 190K | 183K |
| 10.02 | Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (ақпан) | RUB | 7,5% | 7,5% |

*Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары*

**В – миллиард**
**М – миллион**
**К – мың**

## Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

| Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы | Мәні | Күні | Алдыңғы ай |
|---|---|---|---|
| Жылдық инфляция | 20,7% | 01.02.23 | 20,3% |
| ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD | 36,7 | 01.02.23 | 35,1 |
| Ақша базасы, млрд KZT | 11 707,1 | 01.02.23 | 11 874,4 |
| Ақша масса, млрд KZT | 34 295,9 | 01.01.23 | 32 768,4 |

## Қазақстанның несие рейтингі

| Қазақстанның несие рейтингі | Рейтинг | Күні | Алдыңғы |
|---|---|---|---|
| S&P Global | BBB-/A-3 негативті | 02.09.22 | BBB-/A-3 әлсіз |
| Moody's | Baa2/әлсіз | 11.08.21 | Baa3/позитивті |
| FitchRatings | BBB/әлсіз | 02.12.22 | BBB/әлсіз |

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

**"Қазақстан қор биржасы"АҚ**

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ "Almaty Towers"

**Тел.:** +7 (727) 237 53 00




**Корпоративтік веб-сайт**

**Бізбен байланысыңыз**

**Листингілік компаниялардың корпоративтік оқиғалар күнтізбесі**

Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.
KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.
Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.

© "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2023